

ШЖҚ КМК

Атырау облыстық
фтизиопульмонология
орталығының директоры
Б.Газизовке


Сыбайлас жемқорлық ішкі
талдау жұмыс тобының
жетекшісі Г.Бекболатоваға

Комплаенс офицер
А.Уразимбетовадан

Танысу бетшесі

Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы ШЖҚ КМК (бұдан әрі- Кәсіпорны) ның қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша талдамалық анықтама алдын – ала танысу үшін жолданады.

Жалғанды қосмыша – Анықтама – 11 парақта.



26.03.2025г.

"АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ "АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ
ФТИЗИОПУЛЬМОНОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ" ШЖҚ КМК

Kipic №

541

27

03

20

ж.

Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы (бұдан әрі –Кәсіпорын) –ның қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Атырау қаласы

01.03.-31.03.2025 жыл.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңының 8 бабы, 2-тармағын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығы, Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығының 22.01.2025 ж № 39 н/қ «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жұмыс тобын құру туралы» бұйрығы негізінде Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысымен талдамалық анықтамасы келесі жұмыс тобымен жасақталды.

Ішкі талдау жұмыс тобының құрамы:

Жұмыс тобының жетекшісі: Бекболатова Гулжанат Султановна-директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары.

Жұмыс тобының мүшелері:

1. Уразимбетова Арайлым Кайсаровна – комплаенс офицер;
2. Сафиуллина Жадыра Жаксылыковна-персоналды басқару қызмет басшысы;
3. Габдуллина Канзия Хамидуллаевна – ұйымдастыру және әдістемелік бөлімінің басшысы;
4. Абдрахманова Диляра Жиеналиевна - заңгер-кеңесші;
5. Абишев Серик Табылдиевич – мониторинг және бағалау тобының меңгерушісі;
6. Елеубаева Гульфара Узаккалиевна –эпидемиолог;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу мерзімі:
01.03.2025ж-31.03.2025ж.

Талдау кезеңі: 01.06.2024ж-31.12.2024ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
2. Мүдделер қақтығысын реттеу;
3. Мемлекеттік қызметтер көрсету;
4. Рұқсат беру функцияларын реттеу;
5. Бақылау – тексеру функцияларын іске асыру;
6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;

9. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

Жұмыс тобының жұмыс жоспарына сәйкес талдау жасалынатын объект – Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы (бұдан әрі –Кәсіпорын).

Талданатын объект туралы мәлімет: Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі-Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнның ұйымдастырушылық – құқытық нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады.

Заңды мекен-жайы: Атырау облысы, Атырау қаласы, Сары Өзек, 1 көше, 16 құрылыс. Почталық индекс: 060011; БСН: 940840000806.

Кәсіпорын Атырау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 09 сәуірдегі № 96 қаулысымен бекітілген *енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес* 2021 жылғы 20.04. № 2802-191НАО-ГП Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына сәйкес қызмет атқарады.

Өз құзыреті шегінде Кәсіпорын қызметінің мақсаты облыстағы туберкулезге қарсы қызметінің жұмысын үйлестіретін, медициналық ұйымдар мен халыққа туберкулезге қарсы ұйымдастыру – әдістемелік, практикалық және консультациялық көмек көрсетуді жүзеге асыру, мамандандырылған диагностикалық және емдеу – профилактикалық медициналық көмек көрсетуді жүзеге асырады.

Кәсіпорын директоры: Газизов Байтолла Закарьяевич, Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысы Қ.Абдалиевтың ____ .12.2024 жылғы № ____ бұйрығы негізінде тағайындалып қызмет атқарады.

Кәсіпорын қызметіндегі нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Өз құзыретінде Кәсіпорын келесі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

1. Қазақстан Республикасының Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы ҚР Кодексі;

2. Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік процестік кодексі;

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы»бұйрығы.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы» бұйрығы.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 «Денсаулық сақтау қызметкерлерінің

үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 25 тамыздағы № 236 «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-214/2020 «Туберкулез профилактикасы жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

8. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-107/2020 «Адамды туберкулездің жұқпалы түрімен ауырады деп тану мақсатында медициналық зерттеп-қарауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 28 наурыздағы № ҚР ДСМ -29 «"Инфекциялық аурулардың (туберкулез) алдын алу жөніндегі санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

10. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 "Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы" бұйрығы.

11. Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V ҚРЗ.

12. Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКСІ № 224-VII ҚРЗ Кодексі.

13. Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі № 414-V ҚРЗ.

14. Денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілер (Санитариялық қағидалары, нормативтер, методикалық нұсқаулықтары, техникалық регламенттер және басқа да бейіндік заңнамалар).

Тексеру кезеңінде нормативтік – құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттілік пен нормалар анықталған жоқ.

Көрсетілетін мақсатқа қол жеткізу үшін Кәсіпорын төмендегідей қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Халыққа туберкулезге қарсы мамандандырылған медициналық көмек көрсету және оңалту көмегін жүзеге асыру Мемлекеттік лицензия мен оның қосымшаларына сәйкес көрсетеді;
- Стандарттық зерттеулерге негізделген туберкулезді диагностикалау (бактериологиялық: микроскопия, егу әдісі және дәріге сезімталдық тесті (бұдан әрі-ДСТ), клиникалық-рентгенологиялық зерттеулер және 2ТБ Манту туберкулиндік сынамаларды қою, сондай-ақ қосымша әдістер (аспаптық және радиологиялық);

- Медицина қызметерінің тікелей бақылауымен стандарттық және жеке режимдерде науқастарға химиотерапия жүргізу;
- Туберкулездің дәріге сезімтал және дәріге көнбейтін түрімен ауыратын науқастарды емдеу;
- Бейінді мамандарды тарта отырып, қосалқы патологияларды диагностикалау мен емдеу;
- Туберкулезге қарсы препараттарға жанама әсерлері диагностикалау және төмендету мен уақытылы жою жөніндегі іс-шаралар өткізу;

Санитариялық – эпидемиологиялық қызмет саласы мен бірлесе отырып, мыналардың мониторингін жүргізу:

- Жаңа туған нәрсетелерді БЦЖ вакцинациялау, 6 жастағы (1-сынып) балаларға БЦЖ қайта вакцинациялау;
- Жыл сайын туберкулезге міндетті флюорографиялық тексерілуі және «қауіп» тобындағы балаларға 2ТБ туберкулинді Манту сынамасын жасап, флюорографиялық тексеруді жоспарлау;
- Облыстағы белсенді туберкулезбен ауыратын науқастарды диспансерлік бақылау;
- Өңірлік, республикалық және халықаралық форумдарға, съездерге, семинарлар мен конференцияларға, кеңестер мен тренингтерге қатысуды жүзеге асырады;

2. Кәсіпорында персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

1) Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасының 2024 жылғы 30 сәуірдегі № 67н/қ Денсаулық сақтау субъектілерінің төсек қорын қайта оңтайландыру туралы бұйрығына сәйкес, Атырау облысы фтизиопульмонология орталығы ШЖҚ КМК –ның тәулік бойы жұмыс істейтін стационар төсектерінің саны жыл басынан **Стационар 135 койкадан 100-ге, 2 – ші жарты жылдық қортыныдысымен 90 койкаға қысқартылған.** 2025 жылдың 05 қаңтарына дейін 85 койкаға қысқартылды. Яғни талдау кезеңіне ӨХБ – 20 төсек, 1 ӨТБ – 20 төсек, 2 ӨТБ- 30 төсек, балалар бөлімі -15 төсек қоры болды.

Облыстық фтизиопульмонология орталығының төсек қорының жұмысы

Атырау облысы ДСБ-ның 31.01.2024ж. №12-н/қ бұйрығына сәйкес аурухананың төсек қорының 170 кереуетінен 35 кереует қысқартылған, оның 15-і кереуеті туберкулездің созылмалы түрімен ауыратын науқастарды паллиативтік емдеуге арналған кереуеттер, 20-ы туберкулездің дәріге төзімді түрімен ауыратын науқастарды емдеуге арналған кереуеттер. 01.02.2024ж. бастап аурухананың төсек қорын 135 кереует құрайды, оның 115-і туберкулез бейінді кереуеттер, 20-ы пульмонологиялық бейінді кереует. Бірақ, 2022 жылдың маусым айынан бастап ауруханада күрделі жөндеу жұмыстары басталуына байланысты пульмонологиялық бейінді кереуеттердің жұмысы уақытша тоқтатылды. Атырау облысы ДСБ-ның 30.04.2024ж. №67-н/қ бұйрығына сәйкес аурухананың төсек қорының 135 кереуетінен 35 кереует қысқартылған, оның 20-ы

пульмонологиялық бейінді кереуеттер, 5-і балаларға арналға және 10-ы ересектерге арналған туберкулез бейінді кереуеттер. 01.05.2024ж. бастап аурухананың төсек қорын 10 кереует құрайды, оның, 5 торакальды бейінді кереуеттер. Атырау облысы ДСБ-ның 12.07.2024ж. №114-н/қ бұйрығына сәйкес аурухананың төсек қорының 100 кереуетінен 15 кереует қысқартылған, ол №3 өкпе-терапия бөлімшенің туберкулез науқастарын мәжбүрлеп емдеуге арналған кереуеттер. Сонамен қатар, №2 өкпе-терапия бөлімшедегі туберкулездің дәріге төзімді түрімен ауыратын нақастарға арналған 30 кереуеттен 5-нің бейінің туберкулез науқастарын мәжбүрлеп емдеуге арналған бейінге ауытырды. 15.07.2024ж. бастап аурухананың төсек қорын 85 кереует құрайды, оның, 80-і туберкулезді бейінді кереуеттер, ал 5-і торакальды бейінді кереуеттер. Атырау облысы ДСБ-ның 03.10.2024ж. №300-н/қ бұйрығына сәйкес аурухананың 85 кереуеттік төсек қоры бекітілді, оның, 80-і туберкулезді бейінді кереуеттер, ал 5-і торакальды бейінді кереуеттер.

Бөлімшелер бойынша төсек қорының жұмысы

2024 жылдың 12 айында ОФО-ның туберкулез науқастарына арналған 85 кереуеттің төсек күн жоспары 78,3% орындалған, соның ішінде: балалалар бөлімшесінде – 43,5%, өкпе-хирургия бөлімшесінде – 41,2%, №1 өкпе терапия бөлімшесінде – 91,2%, №2 өкпе терапия бөлімшесінде – 112,0%.

Аурухананың өкпе-хирургия бөлімшесінде орындалған операциялар саны:

2024 жылы 12 айда – 65 операция, оның барлығы тыныс алу ағзаларына, соның ішінде 3-і «Өкпенің бөлігін сылып тастау», 14-і «Өкпенің сегментін резекциялау» операциялары (2023ж. 12 айда – 48 операция, оның 1-і «Жүрек және перикарддағы манипуляциялар», 47-і тыныс алу ағзаларына, соның ішінде 7-і «Өкпенің бөлігін сылып тастау», 13-і «Өкпенің сегментін резекциялау» операциялары).

Операциялар саны	2024ж. 12 ай
Барлығы	65
Жүрек және перикарддағы манипуляциялар	
Тыныс алу ағзаларға операциялар	58
<i>Оның ішінде</i>	
Өкпенің бөлігін сылып тастау	3
Өкпенің сегментін резекциялау	14

Өкпе-хирургия бөлімшесінің хирургиялық белсенділігі

2024 жылы 12 айда – бөлімшеден өткен 70 науқас, оның 37-не операция жасалынған, оның 27-і ересек адамдар, 8-і жасөспірім және 2-і бала. Хирургиялық белсенділік 52,8% құрайды (2023 жылы 12 айда – бөлімшеден 67 науқас емделіп шыққан, оның 47-не операция жасалынған, оның 38-і ересек адамдар, 8-і жасөспірімдер және 1 бала. Хирургиялық белсенділік 70,1% құрайды).

	2024ж. 12 ай
Емделген науқастар саны	70
Операция жасалынған науқастар саны	37
Хирургиялық белсенділік (%)	52,8

Кадр қоры штатпен қамтылуы: 2024ж 12 айда

Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығында барлығы 248,0 штат бірлігі қаралған, қамтылуы 229,75 (92,6%). Оның ішінде 93,9% дәрігерлер, 99,2% орта буын қызметкерлері, 92,5% кіші буын қызметкерлері, 85,4% басқа қызметкерлер штат бірлігін құрайды.

Кәсіпорны қызметкерлері	2024 жылғы 12 ай			
	Қаралған штат саны	Штаттың қамтылуы	Нақты қызметкерлер саны	%
Дәрігерлер	37,0	34,75	23	93,9
Орта буын қызметкерлер	61,0	60,5	60	99,2
Кіші буын қызметкерлер	53,0	49	50	92,5
Басқа қызметкерлер	79	67,5	60	85,4
Барлығы:	248,0	229,75	207	92,6

Медицина қызметкерлерінің біліктілік санаты – 51% (2023 ж. 12 айда - 60,0%).

Соның ішінде:

- Дәрігерлердің санаттылығы – 19% (2023 ж. 12 айда - 20,0% %), соның ішінде: жоғары санатты – 8% (2023 ж. 12 айда - 10,0%); I санатты – 1% (2023ж. 12 айда - 1,0 %); II санатты – 1,0% (2023 ж. 12 айда - 1,0%).

Санаттылық алуға жатпайтын дәрігерлер – 1,0% (2023 ж. 12 айда - 1,0%).

- Орта буын қызметкерлерінің санаттылығы – 50,0% (2023 ж. 12 айда - 60,0%), соның ішінде: жоғары санатты – 10,0% (2023 ж. 12 айда – 64,0%); I санатты – 5% (2023 ж. 12 айда - 10,0%); II санатты – 1,0% (2023 ж. 12 айда – 8,0%). Санаттылық алуға жатпайтын орта буын қызметкерлері – 1,0%, (2023 ж. 12 айда - 1,0%).

2024 жылы 12 айда жұмысқа қабылданған 2 дәрігер - эпидемиолог және терапевт дәрігерлер. Қабылданған жас маман жоқ.

2024 жылы 12 айда біліктілік арттыру циклдарынан өткен 4 дәрігер - 2 фтизиатр және 2 рентгенолог дәрігерлер.

Оңтайландыру жұмыстары жүргізілуіне байланысты бүгінгі күні кадр тапшылығы жоқ.

2024 жылғы шілде айынан бастап Туберкулезбен ауыратын науқастарды мәжбүрлеп емдеуге арналған 15 төсектік 3 өкпе-терапия бөлімшесі жабылып,

емделушілер Атырау қаласына көшірілді. 12 қызметкерлермен ҚР Еңбек Кодексінің 46 – бабы және 49 – баптарына, 52-бабының, 1 тармағы, 2-тармақшасына сәйкес, жұмыскерлер штатының, лауазымның қысқарту туралы мәселелер қарастырылды.

Сонымен қатар, 2024 жылдың 1 – ші жарты жылдығында болған 30 төсектік фтизиопульмонология бөлімшесі бойынша бос қызмет түрі бүгінгі күні штаттық тізімнен алынды, бөлімшеде штатта 1 дәрігер, 1 дәрігер анестезист(қоса атқарушы), 1 пульмонолог дәрігердің, 6 орта буын медицина қызметкерлер, 6 кіші буын медицина қызметкерлердің штаты штаттық тізілімнен қысқартылды.

Кәсіпорын қызметкерлерге 2024 жылдың 2-ші жарты жылдық өткен мерзімінде Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 64-бабының, 1-бөлімінің, 1-тармақшасына сәйкес талаптарды бұзған тәртіптік жаза жоқ.

Кәсіпорынның қызметінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында теріс мәтіндегі жарияланымдар анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, қылмыстық әрекеттер жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері, қызметкерлер арасындағы жанжал фактілері тіркелмеген. Талданып отырған кезеңде кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тарту фактілері жоқ.

Кәсіпорынның бос лауазымдарына орналасуға үміткерлерді іздестіру интернет-ресурста орналастыру арқылы жүзеге асырылады www.enbek.kz.

Қызметкерлермен Әдеп нормаларының бұзылуы фактілері тіркелген жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында Кәсіпорынның Жарғысы, Кәсіпорынның қызметін реттейтін құқықтық актілер іріктеліп талданды.

Кәсіпорын заңгері тұрақты негізде орталықтың бөлімшелердік жұмысында басшылыққа алынатын нормативтік – құқықтық актілерді өзектендіруді жүзеге асырады. Нормативтік құқықтық актілерді жұмыста уақытылы және тиісінше қодану мақсатында жаңадан шығарылған, өзгертілген және күші жойылған актілер туралы ақпарат орталықтың қызметкерлерінің назарына жеткізеді.

Кәсіпорынның қызметін қорзғайтын нормаларды, жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттарды талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын нормалар анықталған жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу:

Ішкі талдау кезінде мүдделер қақтығысы анықталмады. Талданып отырған кезде даулы жағдайлар фактілері тіркелген жоқ.

Қызметкерлердің жеке істерін тексеру кезінде жақын туыстары, жұбайлары атқаратын лауазымға тікелей бағынысты мемлекеттік лауазымға орналасу фактілері анықталған жоқ. Кәсіпорын қызметкерлері ішкі құқықтық құжаттармен (нұсқаулықтармен, ережелермен және т.б.) таныстырылған.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету;

Мемлекеттік қызмет көрсету қажет емес.

4. Рұқсат беру функцияларын реттеу;

Талдау объектісінің ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:

Азаматтардың өтініштері бойынша:

Талдау кезінде жеке және заңды тұлғалардан түскен барлығы – 15 жолданым тіркелгені анықталды. Шағым- 2, арыз – 9, өзгеде сұрау салулар- 4. Оның ішінде 14 жолданым мемлекеттік органнан, 1 өтініш МИО; өндірісте 1 арыз қалған, 6 жолданым бойынша әкімшілік акт қабылданған, 6 өтініш, сұрау салулар бойынша – оңайлатылған акт қабылдаған.

Шағым бойынша екеуіде тіркелген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде оны қарап шығуды және тыңдау жүргізу қажет пе (АППК-нің 73-бабы), қандай әкімшілік актіні қабылдау жоспарлануда: қолайлы немесе ауыртпалық туралы шешім қабылдауды ұсынылатынын анықтау қажет. Бұл шағымда: *Согласно п.п.1) п.1 ст.89 АППК РК, по итогам рассмотрения административного дела в упрощенной административной процедуре выносится решение о предоставлении ответа, в том числе информации, по существу сообщения, предложения, отклика, запроса. Тем самым, ваше бездействие в рамках предоставленного вами ответа на официальный запрос ТОО "Medical Active Group", является незаконным и необоснованным. Административное действие (бездействие), не связанное с принятием административного акта.*

Әкімшілік акт қабылдаған кезде, Әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік рәсімге қатысушыға әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіруге мүмкіндік беруге міндетті, бұл туралы әкімшілік рәсімге қатысушы алдын ала, әкімшілік акт қабылданғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етіледі деген талаптарды ескермеген. ӘРПК –нің 64 бабы.

Егер де, ауыр әкімшілік акт қабылдау жоспарланса, онда біз тыңдау қалай өтетінін, яғни ӘРПК-нің 73-бабында көрсетілген тәсілдердің бірімен шешеміз және тыңдау комиссиясының құрамы анықталу қажет, комиссия құрамы 3 адамнан кем болмауын және құрамын тақ санмен анықталу қажет.

Бұдан кейін, өтініш берушіге және қажет болған жағдайда мүдделі тұлғаларға оған қатысты ауыртпалық әкелетін әкімшілік актіні және шешім жобасының өзін қабылдау жоспарланғаны туралы хабарлама жібереміз, мұнда ұсынылған шешімнің негіздемесі егжей-тегжейлі көрсетілуі мүмкін; ауыртпалықты актінің өзінде де, оған қосымшада да, егер мүдделі тұлғалар болса, онда шешімнің қай бөлігінде олардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтынын көрсетулі керек. Әкімшілік процеске қатысушы (өтініш беруші мен мүдделі тұлға әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімді алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірмей шығаруға немесе оған қарсылық білдіруге құқылы).

ӘРПК-нің 73-бабының 2-бөлігінің 4) тармақшасында белгіленген жағдайда, әкімшілік орган немесе лауазымды адам әкімшілік актінде отырыстың өткізілмеу себептерін көрсетуге міндетті. Әкімшілік процеске қатысушы өзінің қарсылығын ауызша білдірген жағдайда, әкімшілік орган немесе лауазымды адам тыңдау отырысының хаттамасы жүргізіледі, - деген талаптары сақталмағаны анықталды.

ӘРПК -нің 74,75 бабына сәйкес, Шағымды қарайтын орган әкімшілік актісіне, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айтылатын лауазымды адамды, әкімшілік рәсімге қатсушыы тыңдайды, және әкімшілік іспен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді деген талаптары сақталмағаны анықталды. 98 бап.

Бұл бұзушылық Жалоба №3Т-2024-06279476, Жалоба №3Т-2024-05568832 тіркелген жолданымға қабылданған әкімшілік актілерде анықталды.

5. Бақылау – тексеру функцияларын іске асыру бойынша Мемлекеттік сатып алу бағыты бойынша сыбайас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Тапсырыс беруші тиісті бюджет (даму жоспары) немесе жеке қаржыландыру жоспары бекітілген (нақтыланған) күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекітеді (нақтылайды), - деген талаптары сақталған.

2024 жылғы белгіленген жоспары(мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары) бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, мемлекеттік сатып алу веб-порталында 2023 жылдың желтоқсан айында орналастырған. (Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алудың 2024 жылға арналған алдын ала жылдық жоспары бекітілген Бұйрық№241 /23.10.2023ж).

Бұдан кейін, Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы ШЖҚ КМК басшысы Ж.Сагиевпен 08.01.2024 ж № 38 бұйрықпен Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алудың 2024 жылға арналған жылдық жоспары бекітілген.

Мемлекеттік сатып алу бекітілген жоспарға сәйкес веб портал арқылы бәсекелестік тәсілдермен жүргізіледі. Мемлекеттік сатып алу жоспарында көрсетілген. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес жүзеге асыру тәсілін таңдау. Өткізілген және өткізілетін мемлекеттік сатып алу туралы барлық ақпарат мемлекеттік сатып алу веб- порталында қолжетімді және ашық. Мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімдері сақталады, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету үшін көзделген мерзімдер «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сәйкес келеді. Медициналық бұйымдар мен дәрілік заттар бәсекелестік тәсілдермен сатып алынды.

ҚР Мемлекеттік сатып алу Заңына сәйкес, 2024 жылдың 2 –ші жарты жылдықта 01.07.-31.12.2024ж аралығында – 113 келісі шарт жасалды.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен - 65;

Өткізілген сатып алулар бойынша бір көзден - 30;

Бір көзден тікелей шарттар жасасу жолымен - 10;

Келісім шарт тауарлар – 65, қызмет көрсету- 30, жұмыс – 6,

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бойынша Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттарына сәйкес

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу- беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді, - деген талаптары сақталмағаны анықталды. Яғни, № 137, 142, 138, 231, 234, 215, 212, келісім шарттарда орын алған.

**7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
Тауарлар бойынша:**

№ 142 / 09.07.2024ж ИП «Ер-Нұр-Ай» келісім – шарт жасасқан, Жеңіл автокөлікке картер, свеча, радиатор сист охладж, Детали ТРМ комплект. Тауарға қол қойылған күннен бастап 16 күнтізбелік күнде жеткізуге құқылы. Келісім арт бойынша тауар құны 385 744 тг. Алайда тауарды 32 күнге кешіктіріп яғни, 27.08.2024ж электронный актіге жеткізгені туралы қол қойғаны анықталды. Шарттың 7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы, – деген талаптары сақталмағаны анықталды. Яғни, 7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды, - деген талаптары ескерілмеген.

Жалпы осындай бұзышылықтар келесі келісім шарттарда орын алғаны байқалады. № 156 11.07.2024ж «ИП Нұртлек», № 152 12.07.2024ж, № 168,169,170,171, ИП Жакипов, № 157 10.07.2024 «Corsair-KZ», № 202 16.09.2024ж «ИП Аурум», № 215 04.10.2024ж, № 211 25.09.2024ж, № 224 09.10.2024ж, № 234 28.11.2024ж.

Жарғыға сәйкес, кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы есебінен және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерді сатып алу шарты бойынша қаржыландырылады.

Орталықта ұйымдық – басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және нормативті- құқықтық актілерді қолдану барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталмады.

Орталықта нормативтік – құқықтық актілер уақытылы жаңартылады және Кәсіпорын сайтында өзектендіріледі, және өзгерістер енгізу туралы мәліметтер қызметкерлердің назарына жеткізіледі. АОФО Кәсіпорын әлеуметтік желілерінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» ҚРЗаны, Зандылықты бұзу фактілері немесе ықпал бұзушылықтар туралы хабардар ету нұсқаулығы;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимыл жөніндегі нұсқаулық;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;

Корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі;

Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі саясат;

Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережелер орналастырылған.

2024 жылдың басында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимыл агенттігінен келген (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) № 4 Үлгілік базалық бағытының 2024 жылға арналған Жобалар картасындағы квазимемлекеттік субъектілеріне қатысты 6 нұсқаулық бекітілді. Жыл сайын жаңартылып отырады.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бойынша:

Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығында келесі медициналық ақпараттық жүйелер қолдануда:

- Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі

- Емдеуге жатқызу бюросы
- Туберкулез науқастарының ұлттық тіркелімі
- Ресурстарды басқару жүйесі
- Кешенді медициналық ақпараттық жүйесі "Datumed".

9. Талдау обектісінің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы ШЖҚ КМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды ұйымдастыру туралы 19.02.2024ж № 70 бұйрығына сәйкес іс-шараларды орындау бағытында:

10.07.2024 жылы – семинар – кеңес.

05.08.2024 жылы- Ондайн Вебинар.

23.09.2024 жылы-ZOOM семинар онлайн.

14.10.2024 жылы – қызметкерлермен семинар-кеңес.

04.11.2024 жылы – қызметкерлермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» және Кәсіпорында тоқсан сайын «Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын –алу шаралары туралы» семинар.

Сонымен қатар, Кәсіпорынның азық түлік тағам тарату орнына әкелінетін тағам өнімдерінің сапасына, яғни санитариялық – эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігіне зерделеу жұмыстар жүргізілді. Бұзушылықтар анықталған жоқ.

Кәсіпорында қауіпсіздік деңгейін көтеру және оның ішінде тәртіп, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында қауіпсіздік қызметін құру және ішкі тәртіп бойынша бейнебақылау камералары орнатылған.

Мемлекеттік сатып алу саласында заңды тұлғалармен уақытылы келісім шарт жасалып, шарттарды уақытылы орындамаған әлеуетті өнім берушілерді іс материалдары сотқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы азаматтық тәртіппен талап арыздар берілуде. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.


Есеп бөлімінде қызметкерлердің еңбек ақылары уақытылы төленуде. Өнім берушілердің жеткізілген тауарларға, медициналық бұйымдарға, көрсетілген қызметтер үшін жіберілген есеп шот қағаздары, актілер негізінде уақытылы төленуде.

ШЕШІМ:

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысымен жұмыс тобы сыбайлас жемқорлыққа әкелетін жағдайлар мен себептердің алдын ауда және болдырмауда келесіні **ҰСЫНАДЫ:**


- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтау жөніндегі жұмысты жүргізу үнемі.
- 2) Қызметкерлермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын сақтау бойынша профилактикалық жұмыс жүргізу үнемі.
- 3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын түсіндіру бойынша құқықтық жалпы оқытуларды жүргізуді ұйымдастыру.
- 4) Жеке және заңды тұлғалардың «Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» ШЖҚ КМК-нің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мәселелері жөнінде өтініштерін бақылау және келіп түскен арыздар бойынша уақытылы шешім қабылдау, сыбайлас жемқорлық көріністері мен байланысты азаматтардың арыздарын қарауды қамтамасыз ету.
- 5) Емдеу ісі жөніндегі орынбасары, бөлімшелер меңгерушілеріне, бөлімше дәрігерлері, облыстық деңгейдегі дәрігерлер, аға мейірбикелер, бас мейіргер, статист дәрігерлер ай сайын вакцинация, ұлттық егу күнтізбесін халыққа дұрыс түсіндіру мақсатында екпенің (МАНТУ проба, БЦЖ) көптеген қауіпті вирус пен диагноздардан аман алып қалатыны және қауіп-қатер тобындағы ересектер мен балаларға жүйелі жұмыс жүргізудің оң нәтиже беретіні жайлы, профилактикалық жұмыс жүргізуді дұрыс ұйымдастыру туралы, еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарында және отандық телеарналарға, радио сұхбат беру;
- 6) Дәмбике мамандар (бас аспаз) науқастарды аралап (обход) жасау;
- 7) Бас мейіргер, бөлімшелер меңгерушілеріне және орта буын медициналық қызметкерлерге науқастармен қарым – қатынаста сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне әкеп соғатын іс-әрекеттерге, сөз бұйдаға жол бермеуге;
- 8) Қаржыға жауапты мамандардың жауаптылығын арттыру шараларын алынып, Кәсіпорын қаражатының жұмсалыуына бақылау күшейтілсін;
- 9) Жеке және заңды тұлғалардан түскен өтініштері «Е-өтініш» жүйесіне түскен барлық жолданымдар Заңға сәйкес (100,0 пайыз) жұмыстары қадағалансын.
- 10) 2025 жылдың 16 сәуірге дейін осы ұсыныстарды орындау мақсатында жоспар әзірленіп, Кәсіпорын басшысына келісімге ұсынылсын.

Жұмыс тобының жетекшісі:




Г.С.Бекболатова


Жұмыс тобының мүшелері:




А.К.Уразимбетова




Ж.Ж.Сафиуллина




К.Х.Габдуллина



Д.Ж.Абдрахманова



С.Т.Абишев



Г.У.Елеубаева